

№13-дәріс. Академиялық адалдық қағидалары және ғылыми этика. Гипотеза және оны құру, плагиат және одан сақтану жолдары

Академиялық адалдықтың қағидалары мыналар:

-адалдық – бұл білім алушылардың оқу жұмыстарының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал, лайықты орындауы;

-автордың және оның құқықтық мирасқорларының құқықтарын қорғауды жүзеге асыру – бөтен сөзді, ойды дұрыс беру және бағаланатын жұмыстарда ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын туындылардың авторлығын тану және қорғау;

-білім алушылардың құқықтары мен еркіндігін құрметтеу – пікірлер мен идеяларды еркін білдіру құқығы;

-теңдік – әрбір білім алушы академиялық адалдық ережелерін сақтауды және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдықты бұзушылыққа мыналар жатады:

-плагиат – бөтен мәтінді, идеяларды, шынайы авторлықты көрсетпестен өзінің жеке жұмысы ретінде пайдалану (дереккөздерге сілтеме жасамай) немесе орындалған жұмыстың дербестігіне күмән келтіретіндей түрде және көлемде сілтемелері бар шеттен алынған материалдарды пайдалану. Сілтемелерді бұрмалау да плагиаттың түрі ретінде қарастырылады;

-тапсырмаларды өз бетімен орындамау – бөгде тұлғаның немесе тұлғалардың жәрдемдесуін пайдалану, ондай кезде орындалған тапсырманың дербестілігі мен бірегейлігі жоғалады, бұл осы білім алушыдан күтетін оқу нәтижелерінің қалыптасуын бағалауға мүмкіндік бермейді;

-жалғандық жасау – басқа адамнан немесе ұйымнан өз жұмысы ретінде алынған не сатып алынған дайын бөтен жұмысты ұсыну, сондай-ақ оның негізінде оқыту нәтижелерін бағалау жүзеге асырылатын материал ретінде өз жұмысын басқа адамға саналы түрде беру. Емтихан кезінде емтиханнан өтетін білім алушының орнына жалған адамның болуы да жалғандық жасау болып саналады;

-деректерге фабрикация жасау – оқу немесе ғылыми жұмыста кез келген ақпаратты немесе дәйексөзді пайдалану кезінде бұрмалау, жалған айту яки ойдан шығару. Ойдан шығарылған дереккөздерді, қисынсыз сәйкеспейтін дәйексөздерді, сандық немесе өзге де деректерді қолдан жасауды және т. б. қамтиды;

-академиялық мінез-құлықтың үйлесімсіз басқа да түрлері – тәртіптілік, адалдық, өнегелілік, ашықтық және құрмет қағидаларына қайшы келетін және академиялық қызметте алдау, бұрмалау және басқа адамның құқықтарының бұзылуы ретінде бағаланатын мінез-құлықтың кез келген басқа түрлері.

Гипотеза және оны құру

Гипотеза - дәлелденбеген тұжырым немесе болжам. Сондықтан гипотеза қашанда тексерілуге, дәлелдеуге бағытталады және зерттеушінің зерттегісі немесе тексергісі келетін тұжырымы болып саналады. Гипотеза құрғанда мына жайттарды ескеру қажет:

- *Логикалық тұрғыда сенімді болуы.* (Мысалы: Жұмыссыз жүрген ересектерді елімізге қажетті мамандықтар бойынша қайта даярлықтан өткізсек, оларға жұмыс орындары табылып, жұмыссыздық саны азаятыны логикалық тұрғыдан түсінікті).

- *Сенімді ақпараттардың болуы.* (Мысалы: Жұмыссыздық өзгерісі арнайы статистикалық дереккөздерден алынып, оны дәлелдейтін ақпарат көздерінің сенімді болуына толық көз жеткізу).

- *Тексерілетіндей болуы.* (Мысалы: Ересектерге арналған курстар ашылғанға дейінгі жұмыссыздық өзгерісі олардың білім алғаннан кейінгі өзгерістермен қайта есептелуге тиіс, яғни курстар ашылғаннан кейін жұмыссыздар саны азайды ма?)

Кейбір ғылыми еңбектерде гипотеза нөлдік болжам мен ғылыми болжам негізінде жасалады. Нөлдік гипотеза - осы кезеңге дейін қалыптасқан тұжырым немесе қандайда бір

жайттардың өзара байланысы жоқ деген болжам. Мәселен, жұмыссыздық пен ересектерді қайта даярлау курстарының арасында байланыс жоқ, өйткені курстар ашылса да, ашылмаса да, сол көрсеткіш өзгеріссіз қалады деген пікір болуы мүмкін. Ал зерттеушінің жұмыссыздық санын азайтуы үшін тексеруге бағытталған болжамы «Балама гипотеза (H1)» деп аталады және ол зерттелетін (ғылыми) гипотеза болып саналады. Гипотезаны статистикалық талдау ғылыми немесе нөлдік гипотеза заңын жоққа шығаруға негізделеді.

Гипотеза құру үдерісін қарапайым мысалмен былай сипаттауға болады.

- Зерттеу сұрағы: темекі тарту ерлер мен әйелдерге қалай әсер етеді?
- Әдебиеттерге шолу - темекі тарту ерлерге қарағанда әйелдердің жүйке жүйесін көбірек зақымдайды (тақырыпқа қатысты материалдарға талдау жасау арқылы осындай пікірге келген жағдайда).

- Айнымалылар: тәуелсіз айнымалы - темекі тартатындар, тәуелді айнымалы - темекі тартпайтындар; тәуелді айнымалы - ерлер мен әйелдердің жүйке жүйесі.

- Жалпы гипотеза - темекі ерлер мен әйелдердің жүйке жүйесіне әсер етеді.

- Бағытты гипотеза - темекі ерлерге қарағанда әйелдердің жүйке жүйесіне көбірек зиян тигізеді.

- Болжам жасау: темекі тартатын әйелдердің жүйке жүйесі, темекі тартатын ерлерге және темекі тартпайтын адамдарға (әйелдер мен ерлерге) қарағанда, қатты зардап шегеді.

Зерттеу жұмысына байланысты алынған гипотеза тексеріледі. Ол үшін статистикалық мәліметтерге тест жасалады. Статистикалық тест шешім шығару үшін мәліметтерге жасалған талдау болып саналады. Ол зерттеу бойынша жасалған болжамды жоққа шығаруға арналған дәлелдердің қаншалықты жеткілікті екенін айқындау үшін жүргізіледі.

Плагиат және одан сақтану жолдары

Көп студенттердің плагиат жөніндегі мағлұматы аз болғандықтан, өздерінің плагиат нормаларын жиі бұзатынын байқай бермейді. Плагиат дегеніміз - біреудің сөзін немесе ойын, пікірін өз сөзі ретінде қолдану және ол өрескел заң бұзушылық болып саналады. Плагиаттан сақтану үшін қолданылған дереккөздерге және айтылған пікірдің авторына сілтеме жасау қажет. Кейде студенттер авторлардың кейбір сөздерін сәл ғана өзгертіп плагиат ережесін сақтадым деп есептейді, бірақ өзге автор сөзін мағыналас сөздермен алмастырып берген күннің өзінде сілтеме жасауға тура келеді. Жалпы алғанда, плагиат мына жағдайларда орын алады:

- Өзге адамның ойын немесе идеясын ұрлау немесе қолдануда;
- Біреудің ойына, сөзіне сілтеме жасамай қолдануда;
- Осы кезге дейін айтылған ойды немесе идеяны өз ойы ретінде беруде.

Әссесе студент өз ойын жазғаны дұрыс. Академиялық жазылымда студент кітаптарды, газеттерді, ғылыми журналдарды, веб-сайттарды және өзге де материалдарды қолдануы мүмкін. Бірақ оларды плагиат жасамай, өз еңбектерінде қолдана білудің маңызы зор.

Плагиат көп елдерде өрескел заң бұзушылық болып саналады. Плагиат бойынша жауапқа тартылған жоғары оқу орындарының оқытушылары ғылыми атағынан айырылып, жұмысынан шектетілсе, студенттер оқудан шығарылады. Қазіргі таңда елімізде де плагиатпен күресу жолдары қалыптасқан және плагиат жасаған адам заң бойынша жауапкершілікке тартылады.

Әдетте жиі кездесетін плагиат түрлерін шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

- Қасақана плагиат жасау - нақты сілтеме жасамастан өзгенің ойын немесе сөзін қолдану.

- Өзіне-өзі плагиат жасау - бұрын жазылған өз жұмысын оқытушының немесе жетекшінің рұқсатынсыз (кей жағдайда баспаның келісімінсіз) қайта қолдану.

- Тыныс белгілерді дұрыс қолданбай плагиат жасау - өзгелердің сөзін арнайы тыныс белгілерсіз (тырнақшасыз) қолдану.

• Абайсызда плагиат жасау - материалға сілтеме беруді, тыныс белгілерін қоюды, парафразға сілтеме жасауды ұмытып кету.

Жалпы плагиат жасамау жазып отырған тақырыпты толық түсінуге, ойды қорытындылауға, жүйелеуге, тақырыпты талдауға ықпал етеді. Осы орайда «Плагиаттан қалай сақтануға болады?» деген сұрақ туындайды. Ол үшін өзге еңбектерден алынған басқа авторлардың пікірлеріне, дәйексөздерге, оларға жасалған қорытындыға және парафразға әрқашан сілтеме берілуі қажет. Плагиат жасамау үшін мына амалдарды орындаған абзал:

Сілтеме жасау - басқа бір автордың пікірін қолдану үшін үнемі сол авторға сілтеме жасауды ұмытпау керек. Сілтеме дегеніміз - өзге автордың ойын немесе сөзін алған әдебиетті, яғни материалды көрсету.

Төл сөзді қолдану - мәтіннен керекті деген ақпаратты өзгертпей сол күйінде тырнақшаға алып, дәйексөз ретінде қолдану. Кейде бұл тура сілтеме жасау деп те аталады. Төл сөздерді қолдану кез келген ғылыми еңбекті жазу барысында қолданылатын әдістердің қатарына жатады. Оларды дұрыс қолдану зерттеу жұмысын жазып отырған тілді білу деңгейіне тікелей байланысты. Сондай-ақ төл сөздерді қолдану барысында мыналарды меңгеру қажет:

- төл сөз еш өзгеріске түспей қолданылуы қажет;
- төл сөз тырнақшаға алынуы шарт;
- төл сөздер жиі қолданбауы қажет;
- төл сөз негізгі ойды қолдау үшін ғана беріліп, негізгі ойды бермеуі керек;
- төл сөздің тілі анық және мазмұны нақты, шағын болуы тиіс;
- төл сөздің авторы осы саланың беделді ғалымы болуы тиіс;
- төл сөздің грамматикалық құрылымы автор тілінің грамматикалық құрылымымен сай болуы тиіс.

Парафраз жасау - автор сөзін мағынасын сақтай отырып өз сөзімен қайта жазып шығу. Қазақ тілінің ережесі бойынша, өзгенің сөзінің мағынасын өзгертпей қайталау «төлеу сөз» деп аталады. Бұл әдіс студент үшін өзге автор ойын толық түсінуге көмегін тигізеді. Себебі студент өзгенің сөзін өз сөзіне айналдыру барысында ондағы ақпаратты толықтай ой елегінен өткізеді. Сондықтан парафраз жазба жұмысында кеңінен қолданылуы тиіс. Бұл өз кезегінде жұмыстың жоғары бағалануына септігін тигізеді.

Парафраз жасау барысында мына жайттарды естен шығармау қажет:

- өзге автордың сөзін өз сөзімен (мағыналас сөздермен, сөз тіркестерімен) жазғанда, негізгі мағынасын жоғалтып алмау;
- парафраз алынған дереккөзге сілтеме жасауды ұмытпау;
- парафраз сөйлемге немесе параграфқа жасалуы мүмкін;
- төл сөзді жиі қолданудың орнына парафраз жасауға тырысу.

Қорытынды жасау студенттің оқыған, көрген немесе тыңдаған дәрісінің мазмұнын түсінгенін көрсетеді, себебі қорытынды негізгі, түйінді ойды ғана беруге құрылады. Бұл - академиялық жұмыстың басты мақсаты. Қорытынды жасау үшін өзге авторлардың пікірлеріне сілтеме жасай отырып еңбектің қысқаша мазмұнын беруге болады. Бұл әдісті көлемі жағынан шектеу қойылған шағын еңбектер жазғанда қолданған ыңғайлы, мәселен, ол шағын эссе жазғанда жиі қолданылады.

Қорытынды жасау барысында ескеретін жайттар:

- мәтінді оқу барысында негізгі мәліметтерді белгілеп отыру;
- мәтіннің негізгі идеясы мен тұжырымын бұзбай ықшамды пікір жазу;
- тұжырымды негіздеу үшін мәтіннен идеяны қолдайтын мысал келтіру.

Сонымен қатар өзге авторлардың сөзін қолданған кезде тыныс белгілерді дұрыс қолдану қажет. Әдетте, автор сөзін сол күйінде, төл сөз ретінде алғанда тырнақша қолданылады. Бұл өзге автор сөзі мен жазушы (студенттің) сөзін ажыратуға көмектеседі. Авторлардың пікірлерін қолданғанда, үнемі сілтеме жасап отыру қажет

Зерттеу жұмысын жазуды бастамас бұрын тақырып жайында жазылған еңбектерге шолу жасалынатыны белгілі. Сол себепті қажетті деген ғылыми әдебиеттер мен құжаттарды мұқият тандап алып, оларды жүйелеп алу қажет. Пайдаланылатын материалдарды плагиат талаптарын сақтай отырып қолдану үшін төл сөз, төлеу сөз және қорытындыны жасау жолдарын жақсы білу қажет.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Гипотеза дегеніміз не?
2. Гипотезаны қалай құруға болады?
3. Гипотеза қалай жазылады?
4. Не үшін гипотеза құрылады?
5. Гипотеза қалай тексерілуі мүмкін?
6. Зерттеу нәтижесінің қай кезде статистикалық маңызы болады?
7. Плагиат дегеніміз не?
8. Плагиаттан қалай сақтануға болады?
9. Төл сөздерді қалай қолдануға болады?
10. Парафраз дегеніміз не?
11. Сілтеме жасаудың қандай стильдерін білесіз?
12. Неліктен өзге авторларға сілтеме жасауымыз қажет?
13. Плагиат жасаған адамға қандай жаза қолданылуы мүмкін?

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электронды оқулық.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. Алматы: «Білім» баспасы, 2020. -340 б.
2. Баяхметова А.А., Дусенбина М.Ж.. Академическое письмо. Язык и стиль академического письма. Учебное пособие.–Костанай: КГУ имени А.Байтурсынова, 2019. - 106 с.
3. Академическое письмо для историков: учебное пособие для студентов, обучающихся по программе магистратуры по направлению подготовки 46.04.01 «История» / Ю. Е. Бут.– Екатеринбург: Издательскийотдел УрГПУ, 2019 – 224 с.
4. Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. 1-і басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020. -68 б.

Қосымша:

1. С.М.Сапина, Б.Б.Динаева. Академиялық адалдық және ғылыми-зерттеу жұмысын жазу техникасы. Оқу-әдістемелік құрал. [Текст] / Нұр-Сұлтан : [б. и.], 2020. - 59 с.

WEB сайттар:

1. <http://library.ayu.edu.kz>
2. <http://rmebrk.kz/>
1. <http://apps.webofknowledge.com/>
2. <https://www.scopus.com/home.uri>
3. <https://www.twirpx.com/>
4. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sc?lang=ru>
5. <https://nauka.kz>
6. <https://www.ncste.kz/>
7. <https://ru.wikipedia.org>

